

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

Олай болса, ұрпақ тәрбиесінде Ахмет Байтұрсынов салып берген сара жолмен жүру біздің егемендігімізді мәңгілік етер бағытымыз болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Атемова Қ.Т. Ұлы ғұламалар еңбектеріндегі тәлім тәрбие мәселелері мен Ахмет Байтұрсынов көзқарасының сабақтастығы // «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты республикалық ғылыми - теориялық конференция материалдары. - Астана, 2006.- Б.283-288.
2. «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты республикалық ғылыми - теориялық конференция материалдары. - Астана, 2006.-354 б.
3. Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар. /құрастырған К.Серікбаева. - Алматы, "Ел", 1992. - 272 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. - Алматы: Ата мұра, 2003. - 208 б.
5. Баласағұн Жүсіп. Құтадғу білік /баспаға дайындаған Әбжан Құрышжанұлы. - Түркістан: Тұран, 2004. - 555 б.
6. Қабуснама: өсиет сөздер. //Аударған Т.Айнабеков, Жобаның авторы М.Кемел. - Астана: Аударма, 2002. - 176 б.
7. Атемова Қ.Т. Түркі халықтарындағы «Кемел адам» тұлғасын қалыптастыру идеясы. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени инновациялық дамыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері, -Шымкент, 2010. -Б.-121-125
8. Байтұрсынов А. Жиған-терген. Өлеңдер жинағы. <https://sites.google.com/site/olenym/ahmet-bajtrsynov/zigan-tergen>
9. Мырзахметов М., Көшербаева А. Баласағұнның «Құтты білік» дастанының мәні //Қазақстан мектебі. – 2004. – № 7. – Б.34-36.
10. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.
11. Кубесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 2002. - 176 б

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫН ЖАҢАША БАҒЫТТА ЗЕРДЕЛЕУ

*ЖҰМАБЕКОВА Ф.Н.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье представлена необходимость изучения идей национальной интеллигенции в новом направлении гуманизации национальной системы образования. Согласно стремительному развитию современного общества и цивилизации невозможно жить во времена «вчера» и пытаться воспитывать детей по-старому. Бесценным сокровищем нашей нации, как маяка развития образовательного процесса в мировом образовательном пространстве, явилась необходимость придерживаться новых идей, открывающих путь к воспитанию образованного, образованного, разностороннего, конкурентоспособного поколения и подготовка настоящих учителей общества.

Ключевые слова: великие мудрецы, интеллигенция нации, учение о добродетели, учение о народе, учение о силе души, учение о целостном человеке, учение о совести.

XXI ғасыр – ақыл-ойдың, білім мен ғылымның, жоғары технологиялар заманында халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтастай тәрбие берудің сапасын арттыру - білімдер ұрпақ әлеуетінің негізі болмақ.

Ұлттық білім беру жүйесін ізгілендірудің қайнар көзі - ұлы дала даналарының ілімдер жүйесі мен ұлт зиялыларының идеяларын жаңаша бағытта зерделей отырып білім мен тәрбиенің тірегіне айналдыру маңызды мәселе. Білім беру жүйесінің сабақтастығы мен ұстанымдарын дамытуда ұлттық құндылықтарды: рух, тіл, діл, дін, салт-дәстүр, өнерді білім мазмұнының тұғырнамасына, философиялық-әдіснамалық өзегіне айналдырады, ұлттық білімнің әлеуетін жетілдіруге қол жеткізіледі.

Білім мен тәрбиені ізгілендіру үдерісінде Ұлы Дала даналарының ілімдер жүйесін: «Ізгілік ілімі» (Ж.Баласағұни), «Хал ілімі» (Қ.А.Иассауи), «Жан қуаты ілімі» (әл-Фараби), «Шын адам», «Ар ілімі» (Ш.Құдайбердіұлы) Абайдың «Толық адам» концепциясымен үндестікте басшылыққа алу көзделеді. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның ұлттық білім брендінің аса маңызды компонентін құрайтын түркі даналары нұсқаған, ұлт көсемдері тиянақтаған, «жүрек», «ақыл», «ар-намыс», «әділет», «адал/арам», «обал/сауап», «еңбек» секілді категориялық ұғымдар арқылы феноменологиялық, гуманистік білімнің құндылықтық мәні терендей түседі [1].

Ұлт зиялыларының идеяларын білім беру жүйесінде және мамандар даярлауда жаңаша бағытта зерделеудің маңызы ұлттық тәрбие беруді сананы жаңғырту тұрғысынан жетілдіреді. Сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің идеологиясы мен стратегиясының басым бағыттарын жас ұрпақты тәрбиелеудің заманауи қағидаттары негізінде ұлттық мәдениетті, тілін, ділін, денсаулығын, интеллектуалдық рухани байлығын, патриоттық, азаматтық көзқарасын қалыптастыратын темірқазығына айналады. Ұлттық тәрбие беруде әлеуметтік институттар шоғырландырылып, отбасы, балабақша, мектеп, білім беру орталықтары, оқушылар сарайы, шығармашылық үйлер, спорт үйірмелері сәйкес бағыттар бойынша кешенді жұмыстар өзара сабақтастықта жоспарлы ұйымдастырылады.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасқан отбасылық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлер негізінде ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттырады. Халқымыздың асыл қазыналарын сақтауға, қорғауға үйрету білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығында жүргізіледі.

Ұлт ұстаздары нұсқаған білім берудің әдістемесіндегі тәрбие мен білімді тең ұстап, «көкірек көзі», «жүрек сезімдері», «ынта-ықылас» арқылы беріп, «санаға тоқу», «бойға сіңіру», «өмірлік дағдыға» рухани құндылыққа айналдыру ұстанымына негіздеу керек. Шабыттандырушы педагогиканы, адамның рухани ішкі мүмкіндіктерін ашу және жүзеге асыру тәсілдерін басшылыққа алуға басымдық беру керек. (Абайдың жүрекке жетіп, тамырды қуалайтын білім концепциясы) [1].

Ұлтымыздың баға жетпес қазынасы тәрбиелі, көргенді, білімді, жан-жақты, бәсекеге қабілетті, зерделі, креативті, бастамашыл ұрпақты тәрбиелеуде және қоғамның нағыз ұстаздарын даярлауға жол ашатын жаңаша идеяларды ұстану қажет. Болашақ мамандардың өз кәсібіне қарай адами құндылықтарының бойында болуы: адамгершілік, мейірімділік, адалдық, шынайылық, әділеттілік, ойдың, ниеттің тазалығы, сөз бен істің сәйкестігі болуы шарт. Білім беру ұйымдарында болашақ мамандар қызмет жасау барысында баланы жақсы көру, өз ісінің шебері болу, осы саланың қыр-сырын жетік меңгеру, жаңалықтар мен өзгерістерге ілесе алу, бәсекеге қабілетті болу, ізденіс, шығармашылық, жаңалыққа жаршы бола білуі керек. Осы орайда, білім беру ұйымдарында ұлт зиялыларының төмендегідей жаңаша идеяларын басшылыққа алу ұсынылады

Ахмет Байтұрсынов: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек», «Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал». Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек, тәрбиелі білім беруде, тәлімді рух қажет. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді парасатты ұрпақ тәрбиелеу – біздің борышымыз деп білемін»- деп ұлт ұстазы салып берген сара жолмен халқымыздың көк өрім жастары мен көпті көрген тарлан тұлғаларының арасындағы рухани жалғастық дәстүрін шебер дамыта білу маңызды болмақ [2].

Жүсіпбек Аймауытов: “Тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу”. «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі

тәрбиелі болуы керек». Себебі, айтып ұқтырғаннан гөрі, бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек – дейді. Ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін ерекше бағалаған. «Баланы бұзуға яки түзетуге болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Балаға қайырымдылықты, кішіпейілділікті, шыншылдықты, адамгершілікті беретін ата-ана».

Сабак беру-үйреншікті жәй шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер... Дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді... сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды», - деп, оқыту, білім беру әдісінің қатып-семіп қалған догма емес, үнемі ізденуден туатын іс-әрекет екенін дәйекті дәлелдеген [3].

Мағжан Жұмабаев: «Әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесін жетік білуге және сол бағытта тәрбие қылуға міндетті»- деген тұжырыммен өзектес болып саналады да, жаңа модельдегі ұлттық тәрбиенің тұғырын айқындайды.

Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын... «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару» керек деп армандаған [4].

Міржақып Дулатов: Жалғыз білім үйретуге емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек. Туысында қанша зеректік болса да-ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. [Кімде-кім өзінің](#), табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласын...»

«Есеп құралы» қазіргі кездегі математикадан оқу кітаптарын құрастырушылар үшін теңдесі жоқ үлгі деуге болады. Мұнда балалардың ұғымына оралымды, көкейіне қонымды, күнделікті қазақ өмірінен алынған, қазақ психологиясына бесенеден танымал есептер, тапсырмалар мен жаттығулардың төрт амалды (қосу, алу, көбейту, бөлу) зердеге тез тоқып алуға жәрдемдесетіні дау туғызбайды – деп көрсеткен [5].

Ыбырай Алтынсарин: Адамгершілікке тәрбиелеу құралы - еңбек пен ата-ана үлгісі. Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай - ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек. Ы.Алтынсарин адамгершіліктің жеті қасиетін атап көрсетеді: 1. Имандылық. 2. Жоғарғы әділдік. 3. Адалдық, **ақкөңілділік**. 4. Сыпайылық, момындық. 5. Адал ниетпен өсиет беру. 6. Жомарттық, қайырымдылық. 7. Дұрыс заңдылық. Яғни, жас ұрпақтың – ақыл-ойын, сезімін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуіне барлық ынтасымен кірісе отырып, өзінің туындыларын сол бағытқа арнайды. Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе - ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде – дейді [6].

Назипа Құлжанова: “Ойын – баланың шын тіршілігі... Төңіректегі нәрседен өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықылас тартады және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесіне ықыласы жеңіл, тұрақсыз... Көрген нәрсесін айтқанда ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады”... дей келіп үш пен жеті жастың арасындағы балдырғандар бойында кездесетін физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді сөз етеді. Автор өз еңбектерінде ерте нәрестелік кезеңнен бастап мектепке дейінгі тәрбиеге байланысты педагогтарға, бала мен ана денсаулығына қатысты құнды, пайдалы кеңестер берді. «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі», «[Мектеп](#) жасына толмаған [балаға](#) тәрбие не керек?», «Мектепке дейінгі тәрбиенің Россиядағы түрі», «Балабақшасы деген не?» еңбектері маңызды. Шет елдердегі мектепке дейінгі тәрбиені терең зерделеп, Италия, Швейцария, Шотландия елдеріндегі балабақшаның [тәжірибелерін](#) үлгі етіп ұсынған [7].

Аталған ұлт зиялыларының идеялары негізінде адам капиталын дамытудың басты бағыты ретінде ұлттық ой сананы қалыптастыруды, ұлттық дүниетанымды ғылыми негізде ұғынуды, білім арқылы өркениет құндылықтарының дағдарысын еңсеріп, ұлттық ділі берік жас ұрпақты тәрбиелеу көзделеді. Халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда тұтастай тәрбие берудің сапасын арттырады. Жас ұрпақты жаңа қоғам талабына сай жетілдіруге ықпал етіп, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге, бабалар рухымен тәрбиелеуге, қазақ халқының әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіруге, сананы жаңғыртуға, ұлтымыздың жаңа сапаға көшуі үшін күнделікті өмірлік ұстанымдарымызды жаңаша бағытта қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Өткен ғасырдағы бүкіл араб жұртының ақыл-ойы мен романтикалық философиясының айнасы болған әлемге әйгілі Камилль (Халиль) Джибранның (1883-1931) мына бір сөзін келтіре кетейік: «Сенің балаларың – шын мәнісінде сенің балаларың емес. Олар өмір табалдырығын аттауға тырысатын өмірдің ұлдары мен қыздары... Сен оларға ұқсап бағуға тырыса аласың, бірақ та оларды өзіңе ұқсастыруға жетемін деп тырыса алмайсың, өйткені өмір артқа қарай жүрмейді, әрі «кешегіде» өмір сүру мүмкін емес – дейді [8].

Расында да заманауи қоғам мен өркениеттің қарқынды даму барысы «кешегі» күнде өмір сүрудің де, бұрынғы таптаурын жолмен балаларды оқыта беремін деп талпынудың да мүмкін емес екендігін ап-айқын көрсетіп берді. Сондықтан да біз ұлттық білім беру кеңістігінде оқу-тәрбие үдерісін дамытудың бағдар тұтар шам-шырағы ретінде қоғамның нағыз ұстаздарын тәрбиелеп өсіруге жол ашатын жаңаша идеяларды ұстануымыз қажет.

Ойымызды қорытындылай келе, ұлт зиялыларының жаңаша идеяларын басшылыққа алу Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінде инновациялық серпілістер жасауға бағыт береді. Әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орнын айқындайтын, ұлтты жаңа сапалық деңгейге көтеретін білім жүйесінің моделін анықтауға, қазақстандық білім брендин қалыптастыруға негіз болады. Адам капиталын дамыта отырып, жас толқынның зияткерлік әлеуетін жетілдіру жолдарын жүзеге асыратын жаңа тұрпатты білім беру ұйымдарын құруға іргетас қалайды. Білім берудің деңгейлерінің практикалық нәтижелілігі мен сапа көрсеткіштерін ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкес арттырады. Ұлттық педагогикадағы озық дәстүрлер мен өркениеттік инновацияларды тоғыстыра отырып, ұрпақтар бойында мемлекетшілдік рухты, прагматизмді дамытуға, ұлттық санасын қалыптастыруға бағыт береді. Ұлттық білім беруді ізгілендіруді түркілік рухани жүйе мен әлемдік ой өркениетінің тоғысында жаңартуға бағыт береді. Білім беруде инновациялық технологияларға негізделген мобильді оқытуды жүзеге асыруға, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ тәрбиелеуге негіз қалайды. Білім саласындағы менеджментті жүзеге асыруға бағытталған білім беру бағдарламалары негізінде білім алушыларды жаһандану үрдісін еркін сезініп, қабылдай алуға бейімдейді [9].

Әдебиеттер тізімі

1. Педагогика мен психологияның өзекті мәселелері: ХХІ ғасыр: ғылыми еңбектер жинағы / Горлова, Г.Г. Еркибаева, Л.П. Илларионова, В.П. Сморгочкова. Іс. 6. М.: Проспект, 2022 ж. 394 б.
2. Байтұрсынұлы А. 1-том Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б. ISBN: 978-601-7317-67-6.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары: атты алты томдық жинағы. / ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі. М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты.- Алматы. Ел шежіре, 2013.
4. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 бет.
5. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 4 том. - 2003.- 344 б.
6. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003ж.
7. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін] : педагог, журналист, әдебиетші Нәзипа Құлжанованың мұрасы / Н. Құлжанова. - Алматы : Рауан, 1993. - 168 б.
8. Камил (Халил) Жибран, Пайғамбар. Радуга. 1989 ж.
9. Жумабекова Ф.Н. Абайдың «толық адам» ілімін–ізгілік тәсілдемелері негізінде жүзеге асыру. Нұр-Сұлтан, Халықаралық форум. 2020.